



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН ҮКІМ

2024 жылы 06 қыркүйек

№ [REDACTED]

Алматы облысының
Қаскелең қаласы

Алматы облысының Қарасай аудандық соты құрамында:

төрағалық етуші судья [REDACTED]

сот отырысының хатшысы [REDACTED]

мемлекеттік айыптаушы – Қарасай аудандық прокуратурасының прокуроры

[REDACTED]
жәбірленушілер [REDACTED]

олардың қорғаушысы А.Ф.Ғалымның,

сотталушы [REDACTED]

қорғаушы адвокат [REDACTED] қатысуларымен, дыбыс-бейне жазбасы
қолданыла отырып ашық сот отырысында, ол бойынша:

[REDACTED] жылы туған, Туркестан
облысының тумасы, білімі орта, жұмыссыз, отбасылы, Алматы облысы,
[REDACTED] мекенжайында
тұрады, Қазақстан Республикасы қылмыстық Кодексінің (әрі қарай - ҚК) 345
бабының екінші бөлігімен сотқа берілген қылмыстық істі қарап,

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2023 жылғы 24 қарашада сағат 16:25 шамасында мемлекеттік тіркеу
нөмерлік белгісі [REDACTED] «ГазСаз 3507» маркалы автокөлігінің жүргізушісі

[REDACTED] Алматы облысы, [REDACTED]

[REDACTED] көшесімен оңтүстік бағытқа қарай жүріп бара жатып, жаяу
жүргіншілер өткелі бойымен шығыстан батыс бағытта өтіп бара жатқан

[REDACTED] мен [REDACTED] жылы туған

[REDACTED] қағып кеткен.

[REDACTED] Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2023
жылғы 30 маусымдағы № 534 бұйрығымен бекітілген «Жол жүрісі
қағидаларын, Көлік құралдарын пайдалануға рұқсат беру жөніндегі негізгі
ережелерді, көлігі арнайы жарық және дыбыс сигналдарымен жабдықталуға
және арнайы түсті-графикалық схемалар бойынша боялуға тиіс жедел және
арнайы қызметтер тізбесін бекіту туралы» (әрі қарай ЖЖК) 10-шы тарау 72-
ші тармағындағы, яғни жүргізуші көлік құралын белгіленген шектеуден
аспайтын жылдамдықпен, мұндайда жүріс үдемелілігін, көлік құралы мен

жүктің ерекшелігін және жай-күйін, жүру бағытындағы көрінуге қатысты жол және метеорологиялық жағдайларды ескере отырып жүргізеді. Жылдамдық жүргізушіге осы Қағидалардың талаптарын орындау үшін көлік құралының жүрісіне тұрақты түрде бақылау жасауына мүмкіндік беруін қамтамасыз етеді. Жүруге жүргізуші анықтай алатындай кедергі және (немесе) қауіп туған жағдайда, ол жылдамдықты тоқтатуға дейін азайтуға немесе жол жүрісіне басқа қатысушылар үшін қауіп төндірмей, кедергіні айналып өтуге шаралар қолданады. Және де ЖЖҚ-ның 14 тарау 106-шы тармағындағы, яғни көлік құралының жүргізушісі өзінің жүру бағытындағы жолдың жүру бөлігін реттелмейтін жаяу жүргіншілер өткелі бойымен өтіп келе жатқан жаяу жүргіншілерге жол береді, деген жол жүрісі қағидаларын өрескел бұзған.

2024 жылғы 19 қаңтардағы № [redacted] санды сот-медициналық сараптама қортындысы бойынша, [redacted] келесі дене жарақаттары анықталған: жабық бас сүйек ми жарақаты, ми шайқалуы, сол жақты тізе буыны бұлшық еттерінің айнала езілуі, сол тізе буыны байламдарының жарақаттануы, жілік шыбығының жоғарғы 3/1 бөлігінің жабық сынуы, сол салтыр аймағының бұлшық ет аралығына қан сауғалауқы, 1 дәрежедегі жарақаттық шок, ауыр дәрежедегі гемморагиялық анемия, сол жақты мандай, төбе аймағының жұмсақ тіндерінің соғылулары, орташа зиян келтірілген деп бағаланады.

2024 жылғы 19 қаңтардағы № [redacted] санды сот-медициналық сараптама қортындысы бойынша, [redacted] келесі дене жарақаттары анықталған: жабық бас сүйек ми жарақаты, мидың ауыр дәрежеде соғылуы, мидың сол жақты үлесінің қатты қабықшасы, астына қан ұйылуы, мидың жұмсақ қабықшасына қан құйылуы, он төбе сүйектің сынуы, сол жақты сына тәрізді сүйектің кіші қанатының сынуы, жоғарғы жақсүйектің латеарды қабырғасының қойынауының сынуы, гемосинусы, иек аймағының соғылған жарасы, ауыр зиян келтірілген деп бағаланады.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Сотталушы [redacted] сотқа берген жауабында ол [redacted] жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне тиесілі «ГазСаз 3507» маркалы автокөлігін келісім шарт бойынша жалға алып газ баллондарын тұтынушыларға таратумен айналысады. 2023 жылғы 24 қарашасында сағат 16:25 шамасында [redacted] көшесімен автокөлікпен 20-30 км/сағ жылдамдықпен келе жатқан, жаяу жүргіншілер өткеліне жақындай келе, адамдарды байқаған кезде, тезегішті басқан кезде, автокөлік тоқтамады. Содан автокөліктін шет жағымен жаяу жүгіншілерді қағып кетіп, автокөлікті тоқтатқан. Кінәсін толық мойындайды, кешірім сұрайды. Азаматтық талап арызды мойындамайды, өйткені шамасы келгенше ақшалай қаражатпен көмек берген, болашақта барынша көмек көрсетуге дайын.



Жәбірленуші [REDACTED] сотқа берген жауабында, 24 қараша 2023 жылы сағат 16:00 мөлшерінде ол 5 жасар [REDACTED] атты баласымен жаяу жүргіншілер өткелін кесіп бара жатқан кезде жүк автокөлігі қағып кетеді. Дене жарақатынан бірнеше рет ауруханада емделген, ота жасатқан, әлі де аяғы ауыратындығын айтты. Азаматтық талап арызды толық қанағаттандыруды сұрайды, кешірмейді.

Кәмелеттік жасқа толмаған [REDACTED] сотқа берген жауабында, 24 қараша 2023 жылы жол көлік оқиғасы бойынша әйелі [REDACTED] естіген. Баласы алған дене жарақатын емдеу үшін Өзбекстан Республикасына барғанын, әлі де емдеу шараларын қолданатынын айтты. Ем алуға көп қаражат жұмсалған, сондықтан талап арызды толық қанағаттандыруды сұрайды, кешірмейді.

Сотталушының жасаған қылмысы басқа да қылмыстық іс құжаттарымен дәлелін тапты:

- 2023 жылғы 24 қарашадағы оқиға болған жерді қарау және фотокестесі хаттамасымен, онда Алматы облысы, [REDACTED] көшесі бойындағы [REDACTED] дәріханасы маңындағы жаяу жүргіншілер өткеліден 25 метр қашықтықта тұрған мемлекеттік тіркеу нөмерлік белгісі [REDACTED] «ГазСаз 3507» маркалы автокөлігі қаралды;
- 2023 жылғы 24 қарашадағы жол көлік оқиғасы бойынша толтырылған сызбасымен;
- 2024 жылғы 19 ақпандағы № [REDACTED] санды сот-медициналық сараптамасының Ж.Ж.Жанабайға қатысты қортындысы бойынша;
- 2024 жылғы 19 ақпандағы № [REDACTED] санды сот-медициналық сараптамасының Г.Т.Құдайбергеноваға қатысты қортындысы бойынша;
- 2024 жылғы 12 сәуіріндегі № [REDACTED] санды сот сараптамасының қортындысы бойынша, онда мемлекеттік тіркеу нөмерлік белгісі [REDACTED] «ГазСаз 3507» маркалы автокөлігінің рульдік басқаруында және жұмыстық тежегіш жүйесінде ақаулары жоқ, жұмысқа жарамды күйде деп көрсетілген.

Және де сот тергеуі кезінде жәбірленушілер DVD диск қылмыстық іске тіркеу үшін өтініш берген. Онда [REDACTED] дәріханасының бейнекамерасы жол көлік оқиғасын түсірілген бойынша үзінді көрініс бейнеленген.

Жоғарыда көрсетілген дәлелдердің жеткілікті жиынтығын саралай келе, сот сотталушы [REDACTED] қылмыстық іс-әрекеттері толық дәлелін тапты деген тұжырымға келді.

Сондықтан, [REDACTED] іс-әрекеті ҚК-нің 345-бабының екінші бөлігі бойынша, яғни автомобильді басқаратын адамның жол жүрісі қағидаларын бұзып, абайсызда адамдардың денсаулығына ауырлығы орташа және ауыр зиян келтірген деп саралануға жатады.

Сот тергеуі кезінде жәбірленуші [REDACTED] және оның өкілінен № [REDACTED] санды сот-медициналық сараптамасының қортындысымен келіспей, оның алған дене жарақаты ауыр зиян келтірілген деген, сондықтан жаңа сараптама тағайындауды өтініш білдірілген.



Сот жәбірленушілердің өтініші негізсіз деген тұжырымға келеді. Өйткені, № [redacted] санды сот-медициналық сараптамасының қортындысына күмән келтіретіндей негіздер іс бойынша анықталмады. қорытындысы істің мән-жайларымен толық сәйкес келеді және зерттелген дәлелдемелер жиынтығымен қуатталады.

Және де сот отырысында жәбірленушілер автокөлікке қатысты жаңадан сараптама тағайындау бойынша өтініш білдірген. Аталған өтініш те негізсіз, өйткені, сот мемлекеттік тіркеу нөмерлік белгісі [redacted] «ГазСаз 3507» маркалы автокөлігіне қатысты № [redacted] санды сот сараптамасы қортындысы бойынша, өтініште көрсетілген сұрақтар толығымен қамтылып, сарланған, қосымша сараптама жүргізуді қажет етпейді деп санайды.

Сот сотталушыға жаза тағайындау кезінде ҚК-нің 52, 53, 54-баптарын ескеріп және Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының 25 маусым 2015 жылғы «Қылмыстық жаза тағайындаудың кейбір мәселелері туралы» №4 нормативтік қаулысын басшылыққа ала отырып, оның жасаған қылмыстық құқық бұзушылығының сипаты мен қоғамдық қауіптілік дәрежесін, жеке басын, сонымен бірге оның қылмыс жасағанға дейінгі және одан кейінгі мінез-құлқын, жауаптылық пен жазаны жеңілдететін және ауырлататын мән-жайларды, сондай-ақ, тағайындалған жазаның оның түзелулеріне ықпалы ететінін ескерді.

Сот [redacted] қылмысын мойындап, шын жүректен өкінгенін, алғаш рет онша ауыр емес қылмыс жасауы, сотталушының жазасы мен жауапкершілігін жеңілдететін мән-жайлар ретінде танып, ал оның жауапкершілігі мен жазасын ауырлататын мән-жайлар анықталмағаны болып табылады.

ҚК-тің 39-бабының екінші бөлігінің талабына сәйкес, жаза әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру, сондай-ақ сотталған адамды түзеу және сотталған адамның да, басқа адамдардың да жаңа қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауының алдын алу мақсатында қолданылады. Жаза тән азабын шектіруді немесе адамның қадір-қасиетін қорлауды мақсат етпейді.

Сот сотталушының бұрын сотты болмағандығын, және оның материалды түрде 350 000 теңге көлемінде жәбірленушілерге көмек көрсеткенін ескере отырып, сот оны бас бостандығынан айыру жазасын өтемей-ақ түзелуі мүмкін деген түйінге келіп, ҚК-тің 44-бабын қолданып, бас бостандығын шектеу түріндегі жаза тағайындауға болады деп шешті.

Азаматтық талапкерлер [redacted] азаматтық жауапкерлер [redacted], [redacted] жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне (әрі қарай ЖШС) моральдық және материалдық залалды өндіру туралы азаматтық талап арызы ішінара қанағаттандырылуға жатады.

Азаматтық талап арыз бойынша азаматтық жауапкерлер деп танылған [redacted] ЖШС-нің және [redacted] ЖШС-нің өкілі [redacted]



сотқа берген жауабында, азаматтық талап арызды мойындамады, өйткені автокөлік келісім шарт бойынша [REDACTED] берілген деп жауап берген.

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 951-бабына сәйкес, моральдық зиян – жеке тұлғалардың өзіндік мүлдік емес игіліктері мен құқықтарының бұзылуы, кемсітілуі немесе олардан айырылуы, оның ішінде өзіне қарсы құқық бұзушылықтың жасалуы салдарынан жәбірленушінің басынан кешірген (төзімін тауысқан, уайымға салған) жан азабы немесе тән азабы. Моральдық зиянды зиян келтірушінің кінәсі болған кезде зиян келтіруші өтейді. Зиян келтірушінің кінәсіне қарамастан моральдық зиян еге ол зиян азаматтың өмірі мен денсаулығына жоғары қауіптілік көзі арқылы келтірілсе өтеледі.

Аталған кодекстің 952-бабының талаптарына сай, моральдық зиянның мөлшерін анықтаған кезде жәбірленушінің келтірілген адамгершілік залалдың ауырлығын субъективті бағалауы да, сондай-ақ жәбірленушінің жан азабы мен тән азабының дәрежесін дәлелдейтін объективті деректер де: қол сұғу объектісі болған игіліктің (өмір, денсаулық тағы басқа) өмірлік маңыздылығы; құқық бұзушылық зардаптарының ауырлығы, жәбірленушінің өмір сүру жағдайлары (қызметтік, отбасылық, тұрмыстық, материалдық, денсаулық жағдайы, жасы және басқалары), өзге де назар аударуға тұратын мән-жайлар ескеріледі.

2017 жылғы 09 қыркүйектегі № [REDACTED] санды көлік құралын тіркеу куәлігі бойынша мемлекеттік тіркеу нөмерлік белгісі [REDACTED] «ГазСаз 3507» маркалы автокөлігі [REDACTED] жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне тиесілі.

[REDACTED] аталған көлікті, [REDACTED] жауапкершілігі шектеулі серіктестігімен өзара 2022 жылы 14 наурызда № [REDACTED] санды келісім шарт арқылы пайдаланған. [REDACTED] автокөлікке сақтандыру полисін жасамай басқарған. [REDACTED] жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мен [REDACTED] жауапкершілігі шектеулі серіктестігі өзара 2022 жылы 01 наурызда № [REDACTED] санды бөліп төлу ретінде сатып-алу бойынша келісім шарт жасасқан.

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 931-бабына сәйкес, қызметі айналасындағылар үшін жоғары қауіптілікпен байланысты заңды тұлғалар мен азаматтар (көлік ұйымдары, өнеркәсіп орындары, құрылыстар, көлік құралдарының иелері және т.б.), егер зиян дүлей күштердің немесе жәбірленушінің теріс пиғылының салдарынан пайда болғанын дәлелдемесе, жоғары қауіптілік көздері келтірген зиянды өтеуге міндетті.

Сондықтан азаматтық жауапкерлер [REDACTED] пен [REDACTED] жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен азаматтық талапкерлер [REDACTED] пайдасына 1 000 000 теңге және 2 000 000 теңге моральдық залал өндірілуі тиіс деп есептейді.



Сонымен қатар, азаматтық талап қоюшы [REDACTED] қылмыспен келтірілген материалдық залалды өндіру туралы талап қоюды қанағаттандыру құқығы танылады және оның мөлшері туралы мәселені анықтау азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен соттың қарауына беріледі, себебі басты сот талқылауы барысында істі талқылауды кейінге қалдырмай материалдық залады өндіру туралы азаматтық талап қою бойынша егжей-тегжейлі есеп-қисап жүргізу мүмкін болмады.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 170-бабының 3-бөлігіне сәйкес, сот қылмыстық істі талқылауды кейінге қалдырмай азаматтық талап қою бойынша егжей-тегжейлі есеп-қисап жүргізу мүмкін болмаған кезде азаматтық талапкердің талап қоюды қанағаттандыру құқығын тани алады және оның мөлшері туралы мәселені азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен соттың қарауына бере алады. Дәл осы негіздермен, және де басты сот талқылауы мерзімі барысында азаматтық талап қоюшылардың ұсынған материалдық залал туралы есептеріне тиісті баға беріп егжей-тегжейлі есеп-қисап жүргізу мүмкін болмағандықтан, азаматтық талап қоюшылар [REDACTED] азаматтық жауапкерлер [REDACTED] жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне берген қылмыстық құқық бұзушылықпен келтірілген материалдық залалды өндіру туралы талап қоюды қанағаттандыру құқығы танылып, олардың мөлшері туралы мәселені анықтау азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен соттың қарауына берілуі тиіс.

ҚК-нің 98-1, 98-2 баптары бойынша, сотталушы [REDACTED] жәбірленушілерге өтемақы Қорының пайдасына 2023 жылғы 10 айылық есептік көрсеткіші, яғни 34 500 теңге көлемінде мәжбүрлі төлем өндіруге жатады.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің (әрі қарай- ҚПК) 118-бабына сәйкес заттай дәлелдемелердің тағдыры шешілсін.

ҚАРАП БӨЛІГІ:

ҚПК-нің 387-393, 395-398, 401-баптарын басшылыққа алып сот

ҮКІМ ЕТТІ:

[REDACTED] ҚК-нің 345 бабының екінші бөлігімен көзделген қылмыстық құқықбұзушылықты жасағаны үшін кінәлі деп танылып, 2 (екі) жыл мерзімге бостандығын шектеу түріндегі жазата тағайындалып, көлік құралын басқару құқығынан 3 (үш) жыл мерзімге айырсын.

[REDACTED] пробациялық бақылау белгіленіп, оған келесі міндеттерді орындау жүктелсін: уәкілетті органға хабарламай тұрғылықты тұратын жерін, жұмыс орнын өзгертпеу, өзі тұратын аудан аумағынан кетпеу, кешкі және түнгі уақытта мейрамхана, кафе, басқада ойын-сауық



мекемелеріне бармау, қоғамдық тәртіпті бұзбау, отбасына материалдық қолдауды жүзеге асыру жүктелсін.

_____ мінез-құлқын бақылау тұрғылықты мекен-жайы бойынша жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органына жүктелсін.

_____ үкім заңды күшіне енген соң, он күннің ішінде тұрғылықты жері бойынша пробацация қызметіне есепке тұру міндеттелсін.

Жазаны өтеу мерзімі пробацация қызметі, заңды күшіне енген сот үкімін орындауға қабылдаған күннен бастап есептелсін.

_____ бас бостандығын шектеуді өтеуден қаскөйлікпен жалтарған жағдайда, оның өтелмеген мерзімі бас бостандығын шектеудің бір күні үшін бас бостандығынан айырудың бір күні есебімен бас бостандығынан айыруға ауыстырылатындығы түсіндірілсін.

_____ қатысты қолданылған ешқандай кетпеу және тиісті мінез-құлық туралы қол хат түріндегі бұлтарпау шарасы үкім заңды күшіне енген мерзіміне дейін сақталып, үкім заңды күшіне енген соң жойылсын.

ҚК-нің 62-бабының 4 бөлігі негізінде, жаза мерзіміне _____ 2023 жылғы 27 қарашасынан бастап 2024 жылғы 27 ақпан аралығында «үйқамақ» бұлтарпау шарасында болған уақытының екі күні тағайындалған бас бостандығын шектеу түріндегі жазаны өтеудің бір күні болып есептелсін.

_____ қатысты 3 (үш) жылға көлік құралын жүргізу құқығынан айыру туралы қосымша жазаны орындау үшін үкімнің көшірмесімен _____ 2015 жылғы 20 қазанда берілген _____ жүргізу куәлігі уәкілетті мемлекеттік органға жолдансын.

Азаматтық талапкерлер _____

_____ азаматтық жауапкерлер _____ жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне моральдық және материалдық залалды өндіру туралы азаматтық талап арызы ішінара қанағаттандырылсын.

Азаматтық жауапкерлер _____ пен _____ жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен ортақтасқан түрде азаматтық талапкер _____ 2 000 000 (екі миллион) теңге мөлшерінде моральдық зиянның өтемақысы өндірілсін.

Азаматтық жауапкерлер _____ пен _____ жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен ортақтасқан түрде азаматтық талапкер _____ пайдасына 1 000 000 (бір миллион) теңге мөлшерінде моральдық зиянның өтемақысы өндірілсін.

Азаматтық жауапкер _____ мемлекеттік кірісіне 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге сомасында мемлекеттік бажды өндіріп алынсын.

Азаматтық жауапкер _____ жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекеттік кірісіне 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге сомасында мемлекеттік бажды өндіріп алынсын.



Азаматтық жауапкерлер [REDACTED], [REDACTED] жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне азаматтық талап қою бойынша шешімді ерікті түрде орындау мерзімі – үкім заңды күшіне енген күннен бастап 2 (екі) ай болып белгіленсін, көрсетілген мерзім өткеннен кейін азаматтық талап қою бөлігінде үкім мәжбүрлеп орындауға жатады.

Азаматтық жауапкер [REDACTED] азаматтық талапкерлер [REDACTED] ның пайдасына 160 000 (жүз алпыс мың) теңге мөлшерінде өкілдік етуге жұмсалған өтемақысы өндірілсін.

Азаматтық жауапкер [REDACTED] жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен азаматтық талапкерлер [REDACTED] пайдасына 160 000 (жүз алпыс мың) теңге мөлшерінде өкілдік етуге жұмсалған өтемақысы өндірілсін.

Азаматтық талапкерлер [REDACTED] азаматтық жауапкерлер [REDACTED] жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен 313 000 (үш жүз он үш мың) теңге материалдық залалды өндіру туралы талап тілегі қанағаттандырусыз қалдырылсын, азаматтық талапкердің талап қою құқығы танылып, оның мөлшері туралы мәселені азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен қарауға берілсін.

[REDACTED] «Жәбірленушілерге өтемақы қорына» 34 500 (отыз төрт мың бес жүз) теңге көлемінде мәжбүрлі төлем өндірілсін.

Айғақ зат, үкім заңды күшіне енгеннен кейін, іске тіркелген DVD диск, іспен бірге сақталсын.

Апелляциялық шағым немесе апелляциялық өтінішхат үкім жария етілген күннен бастап он бес тәулік ішінде Алматы облыстық сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасына Қарасай аудандық соты арқылы берілуі мүмкін, ал күзетпен ұсталатын сотталған адам үкімнің көшірмесін алған күннен бастап дәл сондай мерзімде бере алады.

Судья [REDACTED]

